

**Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысы 1993 жылғы 27 қазан N 1388. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының әлеуметтік қорғалуын күшейту, оларға ақшалай үлес төлеуді тәртіпке келтіру, тұрмыс деңгейін тұрақтандыру және әскери қызметтегі міндеттерін орындауына тиісті жағдай жасалуын қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Бюджеттен бөлінген қаражат шегінде:  
әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысы NN 1-4 қосымшаларға сәйкес;

әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының әскери (арнаулы) атақтары бойынша жалақысы N 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін;

N 1 қосымшада көрсетілмеген офицерлік құрамның басқа лауазымдары бойынша лауазымдық жалақы 1,5 еседен асырылмай өсірілсін.

2. Тұрақты тұратын тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген әскер құрамдағы адамдарға, прапорщиктерге, мичмандарға, мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамына уақытша тұрғын үй қосымша жалдап алу (жалдауы) үшін ақшалай өтем жасау былайша өсірілсін:

- Алматы қаласында айына - 10.000 сом;
- басқа қалалар мен облыс орталықтарында айына - 6000 сом;
- басқа елді мекендерде айына - 4000 сом;

Өзімен бірге от басының үш және одан да көп мүшелері тұратын осы аталған адамдарға ақшалай өтем жасау мөлшері 50 процент арттырылады.

3. Әскери қызметшілердің жауынгерлік әзірлік міндеттерін пысықтау үшін оқу орталықтарында, әскери бөлім тұрақты орналасқан мекеннен тысқары лагерьлерде, полигондарда, запастағы аэродромдарда, маневрлер мен жаттығуларда болған уақыты үшін далалық ақшалай төлем әскери қызметшілер жұмысының жүріп-тұру сипаты ескеріліп (мерзімді қызметтегі әскери

қызметшілерден басқаларға) қызмет бабындағы іссапарларға ақы төлеу үшін белгіленген тәуліктік ақының 60 проценті мөлшерінде төлем жасалсын.

4. Қызмет өткерген жылдарына, штаттың қысқартылуына, мүгедектігіне, денсаулық жайына қарай қызметтен босатылған адамдардың зейнетақысы, асыраушысынан айырылуына байланысты отбасыларына берілетін зейнетақы әскери қызметшілердің, қызметте тұратын ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының осы қаулыға байланысты өсірілген ақшалай үлесіне қарай қайта есептелсін.

5. Осы қаулы 1993 жылғы 1 қазаннан бастап күшіне енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының**

*Президенті*

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1993 жылғы 27 қазандағы

№ 1388 қаулысына

**№ 1 қосымша**

**Негізгі бірыңғай лауазымдар бойынша  
офицер құрамындағы адамдардың  
Лауазымдық жалақысы**

-----!----- Лауазымдар атауы  
! Айлық лауазымдық  
! жалақысы (сомесебімен)  
-----!-----

### **I. Әскерлер бойынша**

1. Әскерлер тегінің қолбасшысы	105000
2. Корпус командирі	102000
3. Дивизия командирі	96000
4. Бригада командирі	87000
5. Полк командирі	81000
6. Батальон, дивизион	70500
7. Рота, батарея командирі	63000
8. Взвод командирі	54000

### **II. Шекара әскерлері бойынша**

1. Шекара әскерлерінің қолбасшысы	105000
2. Шекара әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары	103500
3. Шекара әскерлері қолбасшысының	

орынбасары	102000
4. Бөлім бастығы	96000
5. Бөлімше бастығы	82800
6. Аға офицер	79200
7. Офицер	70000
8. Шекара отрядының бастығы	95400
9. Шекара отряды бөлімшесінің бастығы	70200
10. Шекара отрядының аға офицері	68400
11. Шекара отрядының офицері	61200
12. Шекара комендатурасының коменданты	72000
13. Шекара заставасының бастығы	63000
14. Шекара заставасы бастығының орынбасары	61200

### III. Республикалық Ұлан бойынша

1. Қолбасшы	105000
2. Қолбасшының бірінші орынбасары	103500
3. Қолбасшының орынбасары	102000
4. Бөлім бастығы	91800
5. Бөлімше бастығы	79200
6. Аға офицер	73800
7. Офицер	70200

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1993 жылғы 27 қазандағы  
N 1388 қаулысына

#### N 2 қосымша

Мерзімнен тыс қызметтегі прапорщиктердің  
(мичмандардың), әскери қызметшілердің,  
сондай-ақ солдаттар (матростар), сержанттар  
(старшиналар), прапорщиктер (мичмандар) атқаратын  
лауазымдарда контракт бойынша әскери қызмет өткеріп  
жүрген әскери қызметшілердің  
Лауазымдық жалақысы  
(Кесте)

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1993 жылғы 27 қазандағы  
N 1388 қаулысына

#### N 3 қосымша

**Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің  
Лауазымдық жалақысы  
(Кесте)**

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1993 жылғы 27 қазандағы  
N 1388 қаулысына

**N 4 қосымша**

**Әскери-оқу орындары мен әскери бөлімдер  
курсанттарының  
Лауазымдық жалақысы  
(Кесте)**

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1993 жылғы 27 қазандағы  
N 1388 қаулысына

**N 5 қосымша**

**Әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі  
әскери қызметшілерден басқа) әскери атақтары  
және ішкі істер органдарының қатардағы және  
басшы құрамдағы арнайы атағы бар адамдарының,  
сондай-ақ контракт бойынша қызмет өткеріп  
жүрген әскери қызметшілердің әскери атақтары  
бойынша  
Лауазымдық жалақылары  
(Кесте)**